

«Менің болашақ

мамандығым»

бейнероликтер байқауы.



Мақсаты:


o Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, оқушылардың мамандық туралы көзқарастарын дамыту, кәсіби қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау.






**«Менің болашақ
мамандығым»
бейнероликтер байқауы.**

Мамандықтар әлемі



кTok





Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№46 жалпы орта білім беретін мектебі кмм

Тренинг сабақ «Маңызды мамандықтар»

Кәсіби бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы

2022-2023 оқу жылы

«Маңызды мамандықтар» тренинг

Сабақтың мақсаты мен тапсырмалары: Жеке тұлғаның кәсіптік мамандықтарға деген ынта-ықыластарын анықтау. Кәсіптік бағдар беру. Оқушыларды қоғамдағы еңбектің, мамандықтардың әр түрлерімен таныстыра отырып, олардың өсу деңгейі және қоғамдағы қажеттілік орны мен сұранысы жайлы білімді меңгерту, мамандық әлемінен ақпарат алу.

Тренинг құрылымы Сабақ 10- сынып оқушыларына арналған. Тренинг мамандықтың белгілі бір түріне бағыт-бағдар беру, ойындар, жаттығулар, диагностикалық әдістемелерден тұрады.

Сабақтың ұзақтығы 40 минут жаттығулардың күрделілігі мен басқа да жұмыс жағдайларына байланысты.

Өткізу шарты : Топтағы балалар саны 10 адам. Оқушыларды топтастырып отырғызу.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушыларға бір-біріне және топтасу арқылы жақсы тілектер айтқыза отырып, көңіл күйлерін ретке келтіру.

Пікірлесу кезеңі мен тренинг жаттығуларының тәртібі мен қағидалары ескертіліп, шарты мен ережесі түсіндіріледі.

I. «Сәлемдесу –танысу» жаттығу. Джест арқылы амандасу

Мақсаты: Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту.

Нұсқау: Қатысушылардың шеңбер бойымен тұрады. Өз есімдерін атап, амандасудың ым-ишарасын жасайды. Келесі кезектегі қатысушы өзінен тұрған адамның есімі мен ым-ишарасын айтып, өз есімі мен ым-ишарасын көрсетеді.

Ойын осылай жалғаса береді.

I. «Мамандықты тап» (ойын)

Нұсқау: Тренингке қатысушыларды үш топқа бөлеміз. Әр топқа карточкада жазылған мамандықтар беріледі. Әр топ сол берілген мамандықтарды басқа топқа ыммен бейнелеп көрсетуге тырысады. Қалған топтар сол мамандық қай мамандық екенін табады.

Хирург, Фабрика басшысы, Хатшы, Бугалтер, Слесарь, Инженер, Кітапханашы, Банк қызметкері, Сатушы, Мұғалім, Мүсінші.

I. «Кім көбірек мамандықты атайды?» жаттығуы.

Нұсқау: Барлық қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Олар бір — біріне доп лақтыру арқылы мамандық түрлерін айтады. Кім де кім көп мамандық атаса сол жеңіске жетеді. Ескерту: Бір ойыншыға қатарынан доп лақтыруға болмайды және қолда допты үш секундтан артық ұстамау керек.

4. Мамандық таңдаудың маңыздылығы.

Мамандық таңдау жас өспірім кезеңдегі ең маңызды шешімдердің бірі. Әр адам ерте ме, кеш пе өз өмірінде «Мен қандай мамандық иесі боламын?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Үлкен өмірге қадам басқан жас ұланның алдында мындаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті тұрады. Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері пайда болып, тіпті алдарына жоспарда құрғысы келмейді. Сондықтан, адам өзінің жеке қасиетін, өзін-өзі тануын

және жетістікке жетудің бір жолы өзіне сұрақ қойып оған жауап ізлеу болып табылады. Мысалы,

1. Сабак оқығанды ұнатамын ба?
2. Өз ісіме талдау жасай аламын ба?
3. Білім келген нәрсені іздестіремін бе?
4. Өзімді-өзім тани аламын ба?
5. Жетістікке жету шарттарын іздестіремін бе?
6. Кемшіліктерім қандай?

Ең бастысы, жетістікке жетуді үйренуге болатынын біліп, алғашқы алымды аттай алу керек. Жетістікке жетуді үйренген адам одан кейін жетістіктен қол үзбейтін болады. Ол үшін бізге **сенім** күші қажет. Адам өзіне-өзі сенгенде ғана өмірге үлкен қадам жасай алады.

5. «Сенімділік» жаттығуы.

Шарты: Қатысушыларға ақ парак таратылып, ортасынан екіге бөлу тапсырылады. Бір бөлігіне жақсы қасиеттерін, екінші бөлігіне жағымсыз қасиеттерін жазады. «Ал балалар бізге осының қай бөлігі өзімізге сенімді болу үшін, қажетті мамандықты таңдай алуымызға қайсысы өте қажет. Сол жағын жыртып алып өзіне алып қал, екінші бөлікті (жағымсыз қасиеттерді) мыжып коқыс жәшігіне саламыз»

6. «Армандар» жаттығуы

Барлық қатысушы шеңбер бойымен отырып, 3-4 рет терен дем алып, көздерін жұмады. Өз тілектеріне көңіл аудара отырып, болашақ мамандығын, қоғамдағы орнын, жақын арадағы қоршаған ортасын елестетеді. 1,5 минут уақыт беріледі. Жанға жағымды әуен ойнайды.

Берілген уақыт өткен соң тағы да 3-4 рет терен дем алып көздерін ашады. Топ өзінің алған әсерімен бөліседі. Тренер әркімнің айтқандарын толықтырады, яғни әрқайсысының қол жеткізгісі келетін, алға қойған мақсат, армандырынын бар екенін айтады.

Топ қатысушыларының күтетін және күдік алатын, қорғанатын нәрселері. Әр қайсысы өздерінің жеке-жеке не күтетіндіктері мен қорқатын жағдайларын айтады. Қатысушылардың барлығы өз ойларын айтып болған соң, «дәл осы жерде және қазір болатын жұмыс мәні түсіндіріледі».

7. «Болашақтан хат» жаттығуы

Кіріспе әңгімелесу.

Оқушылар! Сендер есейіп, өсіп, мектепті аяқтап қалдыңдар, жан-жаққа қанат қағып, ұшатын кездерің де болып қалды, іштеріңде көптеген оқушылар болашақта кім, қандай маман иесі болатындығын біледі.

Мен, әрине, барлығыңның армандарыңның орындалғанын қалаймын ал енді мына нәрсені ойласайық. Үлкен білім әлеміне алғаш есікті айқара ашатын адам туралы сыр шертейік. Иә, әрине, ол ұстаз. Ал, бүгін алғашқы хатты жазып, жаттығып көрейік. Ол үшін сендер өздеріңді мектеп бітіріп қойдым, ересекпін, қызметім бар, жеке өмірім бар деп елестетіндер.

8. «Бос микрофон» (рефлексия)

Еркін түрде қатысушылар психологиялық тренингтен алған әсерлері туралы пікір бөліседі.

9. Оқушы пікірі.

Сұрақ: Бүгінгі күннен өзіңіз үшін қандай қорытынды жасадыңыз, ойландыратын жағдай болды ма?

10. Қорытынды.

Бүгінгі сабағымызды мына өлең жолдарымен аяқтауға рұқсат етіңіздер
Еңбек етсем, ертеңгі- бақытыма сенемін.

Маскатыма жеткізер- уақытыма сенемін.

Достық іс пен қасты да- жеңеріме сенемін,


Ақыл, сана білім мен- өнеріме сенемін.

Арым — таза, ақ көңіл- адалдыққа сенемін,

Абыройлы, ақ ниет- адамдыққа сенемін!- дегендей ел сеніміне кіретін құрметті мамандық иесі боламын десеңіздер бүгінгі кездесуде айтылған ақыл кеңестерді

жадыңызда ұстап ілім- білім алуға барлық күш жігерлерінді жұмсап, егеменді

еліміздің ертеңі -болашақ маман иелері болуларыңызға тілектестігімді білдіремін!

A decorative border of small red hearts with black outlines, arranged in a rectangular frame around the text.

Хирург
Мұғалім
Кітапханашы
Инженер
Журналтист

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебі
«Маңызды мамандықтар» атты тренинг сабақ


Хаттамасы


№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 24 қаңтар күні «Маңызды мамандықтар» атты 10-сынып оқушылары арасында, Мектебіміздің Кәсіби бағдар беруші педагогы: Болат Гауһар Нұрланқызының ұйымдастылуымен тренинг сабақ ұйымдастырылды

Мақсаты: Жеке тұлғаның кәсіптік мамандыққа деген ынта-ықыласын анықтау. Кәсіптік бағдар беру. Оқушыларды қоғамдағы еңбектің, мамандықтардың әр түрлерімен таныстыра отырып, олардың өсу деңгейі және қоғамдағы қажеттілік орны мен сұранысы жайлы білімді меңгеру, мамандық әлемінен ақпарат алу.

Қорытынды:

- мектеп бітіруші түлектерге кәсіби - шығармашылық тәрбие беру бағытында кәсіби шығармашылық танымын кеңейту;
- болашақ мамандығын дұрыс таңдай білуге бағыт - бағдар беру;
- белгілі бір еңбек, кәсіби іс - әрекет саласына еніп, нақты көзқарас қалыптастыруына көмек беру.





Кәсіби бағдар беруші педагог:

Г.Болат

Түркістан облысының алами әлеуетті дамыту басқармасының
«Келес ауданының алами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№46 жалпы орта білім беретін мектебі қмм

«Үздік тұлек»

студенттермен кездесу кешінің презентациясы

Кәсіби бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы


2022-2023 оқу жылы

Кеш бағдарламасы...

- 1. Танысу кезеңі
- 2. Мамандығым мақтанышым
- 3. “Әріпті мамандық” ойыны
- 4. Ситуациялық сұрақтар
- 5. “Терминдер сөйлейді”
- 6. Студенттерге оқушылардан сұрақ, тілек
- 7. Қорытынды




Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№46 жалпы орта білім беретін мектебі кмм



«Үздік тұлөк»

студенттермен кездесу кеші сценарийі

Кәсіби бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы



2022-2023 оқу жылы



«Үздік тұлек» студенттермен кездесу кешінің сценарийі

Мәксәт: Оқушыларды жоғары оқу орындарында белгілі бір мамандықта білім алып жатқан студент жастармен кездестіре отырып, пікір алысуға, болашақ мамандығын таңдауда жүзбелі көзқарас қалыптастыруға, кәсіби мамандыққа деген қызығушылығын арттыруға, сол жолда тиянақты да, саналы білім алуға деген ұмтылысты оятуға бағыт беру.

Міндеттері:

- мектеп бітіруші тұлектерге кәсіби - шығармашылық тәрбие беру бағытында кәсіби шығармашылық танымын кеңейту;
- болашақ мамандығын дұрыс таңдай білуге бағыт - бағдар беру;
- белгілі бір еңбек, кәсіби іс - әрекет саласына еніп, нақты көзқарас қалыптастыруына көмек беру.

Күтілетін нәтиже: Мектеп бітіруші тұлектердің және негізгі орта мектепті аяқтаушы оқушылардың осы студенттермен кездесу барысында тиянақты шешім қабылдауы, белгілі мамандық саласына таңдау жасауы.

Өткізілу барысы:

жүргізуші: Армысыздар, аяулы ұстаздар, мектеп табалдырығынан сусындап білім алған студент жастар!

жүргізуші:

Бірінші кілт - білімге, Екінші кілт - дұрыс жол. Үшінші кілт - бақытқа, Жетелейді билесең сол.

жүргізуші:

Болса кімнің талабы,

Өмірден жол табады.

Еңбегіне лайық,

Адам болып шығады,- дегендей жастар еліміздің болашағы. Егемен еліміздің болашағы білімді ұрпақ.

жүргізуші:

Қайда менің студенттік күндерім,

Жалындаған жастық шағым, күн керім.

Дауылдатып, думандатып жүретін,

Бақытты сәт, шалқып шығар күндерім.

Қайда сол бір асыл жанды достарым?

Аңқылдаған жарқылдаған от жалын.

Сұңқар жігіт, аққу қыздар қайдасың?

Еске аламыз жүрегімде от жаным,- деп ақын ағамыз жырлап кеткен студенттік өмірдің қан майданында жүрген жастарымызбен оқушылар арасындағы кешті ашық деп жариялаймыз!

жүргізуші:

Олай болса, бүгінгі кешіміздің бағдарламасымен таныстырып өтейік.

1. Танысу кезеңі.

2. Мамандығым мақтанышым (Студенттер өз мамандықтары, оқу орындары туралы сөз ету).

3. «Әріпті мамандық» ойыны

4. Ситуациялық сұрақтар

5. «Терминдер сөйлейді»

6. Студенттерге оқушылардан сұрақ, тілек.

7. Қорытынды

2 - жүргізуші:

Мектебінің төрінде сыйланғандар.

Студенттерім бас қосыпты

Ағайын айтындаршы кімде арман бар?

Біздің кешке қонақ болып келіп отырған, мектебімізден түлеп ұшқан түлектеріміз, студент жастармен таныса отыралық.

жүргізуші:

Бұл жастар - ел бірлігін ойлайтын, өз Отанын қорғайтын, өркениет өсіретін, аға - апаларымыздың ісін ары қарай жалғастыратын болашақ азаматшалар. Ертеңгі күннің құрығын қолға ұстап, жолға шыққан студент жастар қадамдарыңызға нұр жаусын. Бүгінгі кешті өткізудегі басты мақсат студенттік өмірдің қызықты сәттері туралы сұрақтарға жауап алу еді. Алдымен өздеріңіз оқитын оқу орны туралы мәлімет беріп, өз мамандықтарыңыз туралы айта кетсеңіздер

жүргізуші: Бүгінгі кешті жалғастыра отырып, кешіміздің мағыналы да мәнді өтуіне баршамыз да бір кісідей қатысайық дегім келеді.

жүргізуші: Енді студенттермен оқушылар арасында ойын ойнасақ. *«Әріпті мамандық» ойыны.* Бұл ойынның шарты сіздерге әріп ұсынылады, сол бойынша мамандық атауларын айтып, жауап берсек.

жүргізуші: Әр адамның басында қызықты да шытырман оқиғалар өтпей ме? Әсіресе студенттік және оқушылық кезеңде шешуін таппас оқиғаларға тап келесің. Өздеріңіздің өмірлеріңізде өткен оқиғаларды айтсақ та болады.

жүргізуші: *Ендігі кезекте ойынға береміз. «Терминдер сөйлейді» Ойынның шарттары:* Терминдерді әр топ өздерінше түсіндіруі керек, мүмкіндігінше әзілмен.

Студенттерге қойылатын терминдер:

1. Лекция, сессия
2. Стипендия, жатақхана
3. Аудитория, декан

Оқушыларға арналған терминдер:

1. 1 қыркүйек, 25 мамыр, каникул
2. Директор, сынып жетекшісі, парталас
3. БЖБ, емтихан, тест


жүргізуші: Студенттерге оқушылардың қоятын сұрақтары болса рұқсат.

(Оқушылар студенттерге сұрақтар қояды)

- Куратор мен сынып жетекшінің айырмашылығы бар ма?
- Адам өзін белгілі бір мамандыққа қашан, қалай дайындауы керек деп ойлайсыз?
- Адам болашақ өз мамандығын таңдаған кезде, нені басшылыққа алу қажет?
- Бұл мамандықты таңдауыңызға не себеп болды?
- Жақсы маман болуы үшін адам нені біліп, нені үйренуі қажет?
- Осы мамандығыңызға жүрек қалауыңызбен бардыңыз ба?
- Әттеген - ай деген шақтарыңыз болды ма?
- Мектепте жүрген кездеріңіз ұнай ма? Әлде студенттік кезең ұнай ма?

жүргізуші:

Студенттердің оқушыларға айтар тілектері бар ма екен? Тыңдайық



Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№46 жалпы орта білім беретін мектебі кмм

Баяндама

«Мамандық өмір таңдауы»

Кәсіби бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы

2022-2023 оқу жылы

«Мамандық өмір таңдауы»

*Он бес пен жиырма беснің арасында
Бұл жаста аласым көп, бересім де
Алдымда толған мақсат, толған таңдау
Алайын анасын ба, мынасын ба?
Сұлтанмахмұт Торайғыров*

Кеше ғана ата – ананың аялы алақанында, ұстаздарынның қамқорлығында болып келген сіздердің ендігі жерде өмірден өз орындарыңызды тауып, қоғамға пайдалы еңбекпен айналысатын белсенді азамат болуларыңыз — өмірлік парыз. Бұл ретте сіздердің алдарыңызда өмірлік мәні бар үлкен бір белес, жауапты міндет тұр. Ол — өз білімдеріңізді жоғары дәрежеде дәлелдеп, ҰБТ – те жоғары нәтиже көрсетіп, белгілі бір мамандықты дұрыс таңдай білу және оны меңгеру. Мамандықты дұрыс таңдау адамның бүкіл болашақ тағдырына тікелей әсер етеді. Бұл ретте мамандық таңдау дегеніміз – тағдыр таңдау десе де болғандай. Жастарға албырт ой, ұшқыр сезім тән келеді. Әркімнің неше түрлі мамандықтарды игергісі келеді. Бірақ солардың ішінен қайсысының басын ұстарын білмей, қиналатыны бар. Ең жақсы мамандық қайсы? Оны қалай еткенде дұрыс таңдауға болады? Оны тез меңгеріп алудың жолы қандай? Шынында да қазіргі заманда ғылыми – техникалық прогрестің ғаламат өсуінің нәтижесінде еңбектің мамандандыру дәрежесі соншалықты артып, шырқау биікке шарықтап кеткен кезінде мамандықтың түрі көп. Ғалымдардың есептеуі бойынша қазір мамандықтың 390 мыңнан астам түрі бар. Соның 15 мыңнан астамы жұмысшы мамандығы. Олай болса, әркім ұшы қиыры жоқ мамандық түрлерінің қайсысын қалап, қайсысын ұстауы тиіс. Бұл ретте әркім ең алдымен өз бойында қалыптасқан қабілетіне, дамып келе жатқан біліміне, бейіне денсаулық ерекшеліктеріне қарау керек. Осы аталған қасиеттеріне орай мамандықтың белгілі бір түрлерін таңдауы қажет. Әсіресе осы салада жұмыс істейтін тәжірибелі мамандардың ақыл – кеңесін тыңдаудың, олардың жұмыс орындарында болып, бәрін көзбен көріп, көңілмен тоқудың зор маңызы бар.

Әркімнің таңдаған мамандығы өзіне ұнауы тиіс. Ол сонда ғана бар ынта – жігерімен сол мамандықты жете меңгеруге тырысады. Адамның өзіне ұнаған, жаны жаратқан, талғамына сай келетін мамандық ризашылық сезімін ұялатады. Ол адам сонда ғана өз мамандығын жете меңгеріп, толық қабілетін жұмсап еңбек етеді, өз еңбегін мақтаныш тұтады. Мұндай еңбек шабытын шақырады, ұдайы шығармашылық ізденіс үстінде болуға итермелейді.

Кездейсоқ таңдай салған мамандық адамның қымбат уақытын босқа ысырап етеді. Егер атқаратын жұмыс адамның өзіне ұнамаса, талап – талғамына сай келмесе, рухани және дене күшінің мүмкіндіктерінен тыс тұрса, ондай жұмыстың ауырлығы да, азабы да көп болмақ. Дегенмен де өз ықыластарымен атқара алмайтын мамандықтағы жұмыстан айырылмай жүре беретін, одан өзіне де, қоғамға да пайда келетіне алмайтынын сезе қоймайтын адамдардың аз кездеспейтініне өкінбеске болмайды.

Мамандық таңдау кезінде әркімнің психологиялық ерекшеліктерімен қатар

олардың моральдық көзқарасы, ерік — жігері, борыш пен жауапкершілігі, тәуекелге бел байлағыштығы тәрізді қасиеттерді ескермеске болмайды. Мұның өзі әсіресе геолог, ұшқыш, теңізші, дәрігер сияқты мамандық түрлері таңдағанда ерекше назар аударатын нәрсе. Кейбір мамандық түрлері оймен еңбек етуді, алтырлықты, тез шешім қабылдауды қажет етеді. Міне, мамандық таңдау кезінде оның осындай ерекшеліктерін ескеріп, отыру қажет екенін өмір тәжірибесі көрсетіп жүр.

Әр кезеңнің өз экономикалық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктері болады. Соған орай мамандық түрлерінің маңыздылығы да өзгеріп отырады. Мамандықтың жаманы жоқ, тек оны сүйе білу керек, ынта қойып, қызыға меңгеру керек.

Қазақта: «Ата көрген — оқ жонар», ана көрген — тон пішер», «Ұяда не көрсен — ұшқанда соны ілесің» деген мағынасы терең мақал — мәтелдер молынан кездеседі. Әрі бұл - бүтіндей бір халықтың өмірлік тәжірибесін бір арнаға тоғыстырған өскелең ұрпақты қаршадай кезінен бастап қандай бір кәсіпке баулудың өзіндік бағыт — бағдары екені даусыз. Ежелден бері ұста, зергер, етікші, өрілші, ембі, атбегі, құсбегі саяткер т. б көптеген кәсіби шеберлер өз өнерлерінің құпия - қатпарларын көлденең көк аттыға жайып сала бермеген. Олар қашанда қабілет — бейімі бөлекше ұл — қыздарының біріне немесе өздеріне өте жақын қолының ебі бар балаларға ғана өз кәсібінің қыр — сырын үйретіп өмірлік аманат ретінде қалдырып отырған. Өнерлі ата — ана осыны қазірден бастап өскелең ұрпақтарының құлағына құя бергенінің ешбір айыбы жоқ деп ойлаймын. Бұл біздің халқымызда ғана емес, дүние жүзі халықтарында бар өнеге.

«Кім боламын?»

Бұл аса бір күрделі де қиын сауал. Осыған жауап беретін адам кім дегенде алдымен ауызға ілігетіні тағы да сол баланың ата — анасы. Өйткені олар өз перзентінің жай — күйін бесікте жатқан кезінен жақсы біледі. Одан кейінгі оның бірден — бір ақылшысы: өз шәкіртін күнде көріп, өзіндік мінез — құлық, қабілет бейімін көңіліне түйіп жүретін ұстазы.

Қорыта келе баланы болашақ кәсіпке бағдарлау ісі жас талаптың ең әуелі өз халқының қазіргі ұлттық мүддесін ескеретіндей бағытта жүргізілсе құба — құп.

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебі
«Мамандықтың бәрі жақсы»
дөңгелек үстел

Хаттамасы

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 03 ақпан күні «Мамандықтың бәрі жақсы» атты 9-сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылармен мамандық түрлеріне шолу жасай отырып, әр мамандықтың қыр-сырларын талқылап, өз мамандығының таңдау себебін ортаға салу.

Қорытынды: кәсіби - шығармашылық тәрбие беру бағытында кәсіби шығармашылық танымын кеңейту;

болашақ мамандығын дұрыс таңдай білуге бағыт - бағдар беру;

- белгілі бір еңбек, кәсіби іс - әрекет саласына еніп, нақты көзқарас қалыптастыруына көмек беру.



Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№46 жалпы орта білім беретін мектебі кмм

«Мамандықтың бәрі жақсы»

дөңгелек үстел

Кәсіби бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы

2022-2023 оқу жылы

Мамандықтың бәрі жақсы

(дөңгелек үстел)

Дөңгелек үстелдің мақсаты: оқушылармен мамандық түрлеріне шолу жасай отырып, әр мамандықтың қыр-сырларын талқылап, өз таңдаған мамандығының таңдау себебін ортаға салу.

Атақты ғұлама **Әл – Фараби** айтқандай:

Ісім оңсын десеңіз,

Сол істің маманы болыңыз.

Даңқым шықсын десеңіз,

Көпшіліктің адамы болыңыз.

Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын оған 500 - ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай таңдауға болады?

Мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Қазақ "Адам екі түрлі жағдайда қателеспей керек: бірі - жар таңдағанда, екіншісі - мамандық таңдағанда" деп бекер айтпаса керек.

Енді осы мамандық сөзіне анықтама беріп көрелік?!

"Мамандық" сөзі латын сөзінен шыққан, "жұрт алдында сөйлеу, жариялау" дегенге саяды. Есте жоқ ескі заманда мамандықтың қазіргідей түр-түрі болмады. Әр адам барлық жұмыспен өзі ғана айналысатын. Дегенмен, әйелдер мен ерлерге деп бөлінетін жұмыстар болған. Ерлер аң аулап, үй тұрғызып, қару-жарақ жасаса, әйелдер жеуге жарамды өсімдіктерді жинап, тамақ пісірген, киім-кешек тігіп, бала тәрбиелеген.

Заман өзгерген сайын, адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болды. Қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыстар, *сәйкесінше, түрлі мамандықтар келді.*

Кез келген еңбек мамандық емес. Еңбектің мамандық деп аталуының өзіндік шарттары бар: бірі - маман атануыңыз үшін білім алып, қолыңызға сол саланың дипломын, куәлігін, аттестаты не сертификатын алуыңыз керек болса, екіншісі - еңбегіңізге ақының төлені қажеттілігі.

Әлемде мамандықтардың түр-түрі бар деп жатырмыз. Әлемде көргенге қызық, таңқалдыратын ең қызықты мамандық түрлері , ең қауіпті мамандықтар, ең сұранысқа ие мамандықтар, ең жоғары жалақы алатын мамандықтар бар. *«Ең қызықты мамандықтар».*

Сұрақ: Яғни, басқа да қандай қызықты мамандық түрлерін білесіздер. *Қызықты мамандықтар тек қана өзінің ерекшелігімен ғана қызықты ма, әлде әрбір тұлға өз мамандығын қызықты ету керекпе?*

Статистиктердің зерттеуі бойынша жыл сайын 25 млн адам өзінің жұмыс орнын ауыстырып, оның 12%- і қайтадан өз орнына қайтып оралады екен. Бұдан мамандықты таңдауда әр маман қателесіпті деуге бола ма?

Сұрақ: Осы аталған статистикалық мәліметтер мен шынайы өмір мысал арасындағы салыстырмалы нәтижелерді қалай бағалар едіңіздер? Ой бөліссек.

Болашақта Қазақстан нарығы мен болашақ дамуына қажетті сұранысқа ие 10 мамандық түрі бар. Олар:

1) Инженерлер

- 2) Исаласының мамандары
- 3) Нанотехнология
- 4) Электроника және биотехнология мамандары
- 5) Маркетологтар
- 6) Қызмет көрсету бойынша мамандар
- 7) Логистер
- 8) Экологтар
- 9) Дәрігерлер
- 10) Химиктер

Дүниеде, өмірде мамандық таңдауда әртүрлі факторлардың әсер ететіні белгілі. Олай болса Е.А.Климов бойынша мамандық таңдаудағы 8 фактордың болатынын атап көрсеткім кеп тұр:

1. Жанұядағы үлкен адамдардың әсері

Сенің өмірің үшін өзіне нақты жауапкершілік артатын үлкендер де бар. Бұл қамқорлық сенің болашақ мамандығың туралы мәселеге де қатысты.

2. Дос-жарандарыңның көзқарасы

Сенің жасыңда достық ұғымы өте биік, әрі берік және сенің мамандық таңдауыңа үлкен әсерін тигізеді. Тек жалпы кеңес беруге болады: сенің қызығушылығыңа сәйкес және өзің өмір сүретін қоғам талабына сай болатын шешім дұрыс болмақ.

3. Мұғалімдер мен мектеп ұстаздарының көмегі

Мектеп қабырғасында оқушының оқу үрдісіндегі және сабақтан тыс белсенділігін бақылай отырып, тәжірибелі ұстаз сен туралы өзің байқамай жүрген қабілеттерді көреді. Білікті ұстаз сенің жаныңа жағатын мамандықты таңдауға көмектесе алады.

4. Жеке кәсіби жоспарлар

Бұл жағдайда, жоспар деп отырғанымыз- сенің кәсіпті меңгеру сатылары туралы түсінігің.

5. Қабілет

Өзіңнің қабілетіңнің жан- жақтылығын білімде ғана емес, басқа да түрлі әрекет жетістіктерінен байқауға болады.

6. Қоғамдық құрметке деген ықылас деңгейі

Өз еңбек жолыңды жоспарлай отырып, өз ықыласыңның нақты мүддесін қорғау өте маңызды.

7. Ақпараттандырылғандығы

Сен таңдаған мамандық туралы мәліметтер дұрыс, нақты әрі көп жақты болуына сен толық сенімді болу керексің.

8. Әуесқойлығы

Әуесқойлық өзіңе ұнайтын және көп уақытыңды соған бөлетін істарде байқалады. Бұл- нақты қабілеттерге байланысты қызығушылықтар.

Сұрақ: Осы аталған факторлардың қайсысы сіздің өмірлік мамандықтарыныңызды таңдауға әсер етті. Немесе осы мамандыққа келуге сізді не итермеледі? Мотивация қалай жүрді.

Өз ісінің нағыз маманы атану екінің бірінің еншісіне бұйырмаған. Ол үшін ең алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Мамандыққа деген махаббат пен карьерист болу екеуі біздіңше екі бөлек нәрсе. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Екінші сөзбен айтқанда, мамандығыңыз сіздің сүйікті ісіңізге

айналуы қажет. Бұл жағдайда адам жұмысқа ерекше құлшыныспен кірісіп, жұмысынан ләззат алады.

Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген каншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны аз емес. **Мамандық таңдаудан жаңылмай**, өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалауыңызға тілектеспіз.

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебі
«Мамандықтың бәрі жақсы»
дөңгелек үстел

Хаттамасы

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 03 ақпан күні «Мамандық өмір таңдауы» атты 11-сынып оқушылары арасында баяндама оқылды.

Мақсаты: Оқушылармен мамандық түрлеріне шолу жасай отырып, әр мамандықтың қыр-сырларын талқылап, өз мамандығының таңдау себебін ортаға салу.

Қорытынды: кәсіби - шығармашылық тәрбие беру бағытында кәсіби шығармашылық танымын кеңейту;

болашақ мамандығын дұрыс таңдай білуге бағыт - бағдар беру;

- белгілі бір еңбек, кәсіби іс - әрекет саласына еніп, нақты көзқарас қалыптастыруына көмек беру.



№46 Абай атындағы жалпы орта мектебі
«Мені қызықтыратын мамандықтар» сурет байқауы

Мәлімет

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде атты «Мені қызықтыратын мамандықтар» атты 7-8 -сынып оқушылары арасында сурет байқауы ұымдастырылды.

Сурет байқауы нәтижесінде 8 б сынып оқушылары, 7ә Сынып оқушысы Жасұзакова Закура, 7 э сынып оқушысы Әліпбек Бану, 7 э сынып оқушысы Боранбай Көркем оқушылары өз суретерін ұсынды.


Максаты: Оқушылармен мамандық түрлеріне шолу жасай отырып, әр мамандықтың қыр-сырларын талқылап, өз мамандығының таңдау себебін ортаға салу.

Қорытынды: кәсіби - шығармашылық тәрбие беру бағытында кәсіби шығармашылық танымын кеңейту;

болашақ мамандығын дұрыс таңдай білуге бағыт - бағдар беру;

- белгілі бір еңбек, кәсіби іс - әрекет саласына еніп, нақты көзқарас қалыптастыруына көмек беру.

Оқушылар байқау нәтижесінде марапатталды.



Түркістан облысының аямаи әлеуетті дамыту басқармасының
«Келес ауданының аямаи әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№46 жалпы орта білім беретін мектебі кмм

Дөңгелек үстел «Мамандығым болашағым»

Кәсіби бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы

2022-2023 оқу жылы

«Мамандығым – менің болашағым»

Сабақтың мақсаты:

1. Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, өз-өзін тану аймағын кеңейту.
2. Мамандықтар жөнінде мәліметтермен бөлісу, еңбек нарығында енді ғана пайда болған мамандықтар жөнінде мағлұмат беру.

Сабақтың барысы:

1. Кіріспе сөз

Бүгінгі іс-шарамызда оқушыларымызға келешекте мамандықты қалай дұрыс таңдауға болатыны жайлы ой қозғау үшін дөңгелек үстелде жиналып отырмыз.

Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», — деп халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбаев атамыз айтып кеткендей, кез келген адам «Өмір» деген атты дүниеде өз орнын табуға тырысады, яғни өседі, көреді, тәрбиленеді. «Еңбекпен тапқан нан тәтті» демекші, таңдаған мамандықтарының қызығын көруге тырысады.

Қазіргі таңда заман талабына сай тұлға болып қалыптасып, мақсат – арманыңа жету үлкен өнерді, өмір сүру өнерін меңгеруді қажет етеді. Әрбір адам өзін-өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек.

Мамандық – бұл әрбір адамның ертеңгі болашағы. Жоғары білім берудің негізгі міндеті маманды тек қана біліммен қаруландырып қоймай, сонымен қатар олардың жеке басының жан-жақты қалыптасуына, дамуына, шығармашылық қабілетінің жетілуіне, кәсіби мәдениеттің қалыптасуына өз дәрежесінде көңіл бөлу, мүмкіндік жасау болып табылады. Студентті тек болашақ маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, шығармашылық тұлға келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ал болашақ мамандарды осы айтылғандарға сәйкес дайындау, оның болашақ кәсіби құзыреттілігіне сәйкес білім беруден бастау алады.

Мамандық таңдау-өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдай отырып, алдымен баланың қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына қарау керек, содан кейін барып жанұялық салтпен санасуға болады.

Мамандық таңдау жолы.

Баланың мектептегі және қоғамдық пайдалы іс-әрекеті оның кейін әлеуметтенуінде өте үлкен мәнге ие. Мамандық таңдауына, рухани құндылықтарға араласуға, мінезінің қалыптасуына әсер етеді.

Бұған мыналарды жатқызуға болады: жас жеткіншектердің қазіргі нарықтық қатынасқа кіруі, өзінің өмірлік позициясының қорғай алуы, қоғамдық өмір туралы экономикалық және саяси білім алу, құқықтық мәдениетті дамыту.

Мамандық таңдаудың екі әдіс-тәсілі бар:

Бірінші әдісі- сынақ және қателік, адам нағыз қажетті мамандықты таппайынша адаса жүріп әр түрлі салаларда жұмыс істеуіне болады, бұл оған жақсы өмір сыйлаумен қатар, еңбектің қуанышын сыйлайды. Бұған адама өмірінің жартысы кетуі мүмкін.

Екінші әдіс- қандай мамандық таңдаса ада, әрбір адамға қажетті өзін-өзі тану, өзінің қызығушылығын, қабілетін ойын, есте сақтауын, қабылдауын, жүйке жүйесінің қалыбын білу.

Өзің туралы білген соң, мамандық әлеміне танысуға, сол мамандықтағы өз мүмкіншілігін білуі қажет.

Тағы бір үшінші жол бар. Ол-өзінің ата-анаңның, атаңның немес бабаларының мамандығын таңдау. Мұндай жағдайда егер отбасында мамандықтың ұрпақтан-ұрпаққа берілу дәстүрі болғанда таңдауға болады.

Бірақ ең бастысы-адаманың өз мамандығына деген қарым-қатынасы, өз ісіне деген сүйіспеншіліктен туындамақ.

Болашақ мамандық таңдау кезінде үлкендердің көмектескеніне қарамастан, соңғы шешімді баланың өзі қабылдайды және одан арғы жауапкершілікті де өз мойнына алады.

3. Ал, қазір мен сіздерді мамандық таңдау бойынша оқушыларға арналған жадынамамен таныстырып шығайын:

Жадынама:

Мамандық таңдау – маңызды және жауапкершілікті талап ететін жұмыс!
Мамандық таңдауда ең бірінші орында қызығушылық пен қабілетіңе, арман –

тілектеріне назар аудару керек, тек содан кейін ғана отбасының салт-дәстүрлеріне, отбасының қызығушылығын ескеріңіздер.

1. Өз қалауыңызбен таңдалған мамандықтың пайдасы мен кері әсерлерін отбасы мүшелерімен бірлесіп шешуге тырысыңыз!
2. Болашақ мамандықты таңдау кезінде, материалды жағынан пайдасы мол мамандықтарды ғана емес, сонымен қатар моральдық сезімдеріңізді қанағаттандыратын мамандықтарды да қарастыруға тырысыңыз!
3. Болашақ мамандықты таңдау кезінде, таңдалған кәсіпке тұлғалық қасиеттеріңіздің сәйкес келу, келмеуін де ескере отырыңыз!
4. Егер мамандық таңдау барысында қарама-қайшылық туындап жатса, психологпен кеңесу мүмкіндіктерін пайдаланыңыз.
5. Өзі қалаған мамандығы бойынша жұмыс істеу адамға зор ләззат береді, оның нәтижесі де мол болмақшы!”
6. Естеріңізде болсын! Балалар ата – ананың таңдаған мамандықтарын салт – дәстүр ретінде жалғастыруға жақын тұрады.

4. Анкеталық сұрақтар.

1. Сен болашақ мамандығыңды таңдадың ба?
2. Қандай мамандық таңдайсың?
3. Таңдаған мамандығың жөнінде не білесің?
4. Мамандығыңның өзіндік ерекшелігі?
5. Бұл заман талабына сай ма?
6. Бұл мамандығының еңбек нарығында қажеттілігі.
7. Мамандықты қай оқу орнынан аласың?

Қорытынды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар өздерінің пікірлерін, ұсыныстарын айтып, қорытынды шығарады.

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебі
«Мамандығым- болашағым» атты дөңгелек үстел

Мәлімет

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде атты 9-сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстел барысында: Оқушылар болашақ мамандықтары, таңдауы, болашағы жайлы өз ақпараттарын ұсынды. Өздерін толғандырып жүрген сауалдарына пікірсайыс нәтижесінде толық ақпарат ала алды.

Мақсаты: Оқушылармен мамандық түрлеріне шолу жасай отырып, әр мамандықтың қыр-сырларын талқылап, өз мамандығының таңдау себебін ортаға салу.

Қорытынды: кәсіби - шығармашылық тәрбие беру бағытында кәсіби шығармашылық танымын кеңейту;

болашақ мамандығын дұрыс таңдай білуге бағыт - бағдар беру;

- белгілі бір еңбек, кәсіби іс - әрекет саласына еніп, нақты көзқарас қалыптастыруына көмек беру.



Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№46 жалпы орта білім беретін мектебі кмм

Баяндама

«Дұрыс тандалған мамандық-болашақтың жарқын кепілі»

Кәсіби бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы

2022-2023 оқу жылы

Дұрыс таңдалған мамандық – болашақтың жарқын кепілі

*Шабытыңды шарықтат, сонда ғалам сен үшін бұрын қамал тұрған
жерлерден жол ашады*

Джозеф Кэмпбэлл

Болашақта қандай маман иесі болғым келеді, қай мамандықты таңдасам болады? Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана-сезімі жетілген әрбір адамды толғандырары сөзсіз. Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады.

Мамандық таңдау — адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Яғни адам өз бойындағы қабілетіне қарай, икемділігіне қарай, бір сөзбен айтқанда шама-шарқына қарай өзіне және қоғамға қызмет ету дегенмен бірдей. Сондықтан адам баласы өмірде мамандық таңдауда өз өміріне балта шаппастай етіп үлкен жауапкершілік арқалай отырып асқан ыждаһаттылықпен таңдау жасауы тиіс. Себебі, адам тағдырының бір бөлігі өзі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Бірақ, біздің жастарымыз осы тұрғыдан келгенде аяғын шалыс басып, өз таңдауларын дұрыс жасай алмай, көп опық жеп отыратын кездері де кездеседі.

Кей жастарымыз өз тағдарын өзіне емес ата-анасына жүктеп жауапкершіліктен жалтарғаны былай тұрсын «ата-анамның қалауы бойынша осы мамандықты таңдап едім, сөйтсем ...» — дейді, ал кейбірі «грантқа түсу үшін» — деген өз ойларын бүкпесіз жеткізуде. Қазақ менталитетінде «Адам баласы өз баласына еш уақытта жамандық ойламайды», — деген қағиданы берік ұстанамыз да, ата-аналар көп жағдайда өз баламыздың жүрек қалауын тыңдамай, ойы мен қабілеттерін ескермей, нәтижесінде балаларымызға опық жегізіп жатамыз. Сол себепті де мамандықты таңдауда ықпал ететін отбасы мен мектептегі ұстаздары болғандықтан, өздерінің ақыл-кеңесін ортаға салып, оларды дұрыс бағыттаса болғаны, яғни баласының мамандық таңдауына жол беріп, оның пікірін қолдаса, ертеңіміздің жарқын болары хақ.

Қоғам дамуының қозғаушы күші – адам десек, қоғамдағы жетістіктер бірінші кезекте адамдардың іс-әрекетінен көрініс береді. Абай атамыздың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деуі текке айтылмаса керек. Бұл дегеніміз – адам өз мамандығы арқылы өзіне де

қотанға да пайда әкелуі үшін өз мамандығының хас шебері болуға тиіс. Шеберлікті ұштау жаны сол кәсіпті қалаған жанға ғана тән екенін ескеруіміз қажет.

Мамандық таңдау — белгілі бір даярлықты қажет ететін іс-әрекет түрі, тіршілік көзі, дағды жүйесі және жасөспірімдік кезеңде қабылданатын жауапты шешімдердің біреуі екенін білеміз. Сондықтан мамандық таңдауға келгенде ғылыми тұрғыдан дәлелденген негізгі факторларға сүйенген жөн. Атап айтсақ, икемділік, мағлұматтылық, тартылу деңгейі, мүмкіншілік, ата-аналардың көзқарасы, құрдастарының көзқарастары, нарық қажеттілігі. Нақты айтқанда, баланың таңдаған мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы қажет.

Жақсы маман болу үшін ең алдымен өзің таңдаған мамандықты сүйіп қана қоймай, сол мамандықтың қыры мен сырын жете меңгеруің керек. Сонда ғана өзің таңдаған мамандықтың қаншалықты құнды, әрі маңызды екенін біле түсетін боласың. Өйткені сен таңдаған мамандық сенің кәсібің, әрі нәсібің. Сонымен қатар сенің көмегіңе мұқтаж жанның қажеттілігін өтеуге жауапты екеніңді ұмытпауың керек. Ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының «Адамдық борышың халқыңа еңбек қыл, Ар-ождан айнымай ар сақта соны біл...», — деген өлең жолдары соған дәлел. Өзінің бейімділігі мен қабілетіне қарай маман болған адамның жұмысы өнімді, әрі берекелі болмақ. Ақын Жүсіпбек Аймауытов өмірде өз мақсаттарымызға жету үшін қабілетімізге қарай мамандықты таңдай білуіміз керек деген тұжырым жасаған екен.

Бүгінгі дамыған қоғамда мамандықтың түрі өте көп. Мәселен, соңғы статистикалық зерттеулер бойынша, әлемде 40 мыңға жуық мамандық түрі бар екен. Әрине, бұл 40 мыңның ішінен өзіңе лайық біреуін таңдау оңайға соқпауы мүмкін. Алайда жүрегің қалаған, қоғамда сұранысқа ие кәсіп иесі болуға мүмкіндік мол. Ол үшін нарықты зерттеп, яки қазіргі қоғамда сұранысқа ие мамандықтар бойынша өз бетіңше сараптама жүргізуге болады.

Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің ертеңі — жастардың қолында деп сенім білдіріп, оларға қолдау көрсетуі, көреген саясаткерге ғана тән қасиет деп ойлаймын. Мәселен, білімді ұрпақтың болашағы жарқын болуы үшін «Болашақ» бағдарламасын енгізуі, олардың отанға келіп адал қызмет етуіне жағдай жасауы, тіпті ауылды көтеру мақсатында

«Дипломмен ауылға» бағдарламасын жүзеге асыруы -жас мамандарды жұмыспен қамтамасыз етуі деп түсінуіміз қажет. Осы тұста қазақтың белді акындарының бірі Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі өріксіз өлше түсселі. Сол Мағжан сенген арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты жастарымыздың болашағының нұрлы болуына бар қоғам болып ат салысуға тиіспіз. Себебі, бүгінгі жаһандану дәуірінде бәсекелестікке қабілетті, өз мамандығын жетік меңгерген, бастаған ісін орындауға табандылық көрсете алатын, мемлекеттің тірегі бола алатындай тұлғаларды қалыптастыру қоғам алдындағы басты міндеттеріміздің бірі.

Ойшыл Хосе Хулиан Мартидің «Ең қиын мамандық — адам болып қалу» деген сөзін айта келіп, ал, адам болып қалу үшін Абай атамыз айтқан 5 асыл істі «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» мәңгі жадымызға түйіп жүруіміз қажет деп аяқтағым келеді.



Түркістан облысының алами әлеуетті дамыту басқармасының
«Келес ауданының алами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№46 жалпы орта білім беретін мектебі кмм

«Кәсіби таңдауым өмірлік қалауым»
жоғарғы, арнаулы кәсіптік білім оқу орындарының
мамандарымен кездесу
11,10,9-сынып оқушылары

Кәсіби бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы

2022-2023 оқу жылы

Мәлімет

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 29 наурыз күні 9-сынып оқушыларымен ақпараттық бағытта кәсіптік бағдар беру мақсатында «Кәсіби тандауым өмірлік қалауым» атты тақырыбына орай, МКҚК «Қатаркөл ауыл шаруашылығы колледжі» маманы Нұржігіт Жандос Смағұлұлы мал дәрігері мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысымен кездесу ұйымдастырылды. Оқу орнының маманы оқу орны туралы, оқу орнындағы жеңілдіктер мен бірнеше дерлік мамандық түрлерімен толыққанды ақпарат беріп өтті.

Кездесу барысында: Оқушылар оқу орнындағы мамандықтары, жеңілдіктерімен және басқа оқу орнынан айырмашылықтары жайлы өз сұрақтарын қойып оқу орны маманынан сұрақтарына толық ақпарат алды.

Қорытынды: кәсіби - шығармашылық тәрбие беру бағытында кәсіби шығармашылық танымын кеңейту;

- болашақ мамандығын дұрыс таңдай білуге бағыт - бағдар беру;
- белгілі бір еңбек, кәсіби іс - әрекет саласына еніп, нақты көзқарас қалыптастыруына көмек беру.




Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№46 Абай жалпы орта білім беретін мектебі қмм

«Мамандық :кеше ,бүгін, ертең»

презентациялар байқауы.

10 ә-сынып оқушысы. Көпжасар Перизат


2022-2023 оқу жылы



МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІНДЕ



Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы - адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, қабілетті, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді. **Қабілеттілік**-табиғаттың әрбір адамға сыйлайтын гажайыпсыйы. Біреуге көбірек, біреуге азырақ бұйырады. Ал ұзақ уақыт бойы өз басында ешбір қабілеттілік жоқ деп санап жүрген үшінші біреу кенет өз бойынан ерекше қасиеттерді байқайды. Мыс: оның **өнертапқыштық** қабілеті не сурет салуға бейімділігі, не ақындық дарыны бары белгілі болады. Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атап өтуге болады. Ал, өзекті мамандықтар қатарына жоғары технология, байланыс, коммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару мамандықтары және еңбек сұранысына қажетті жаңа мамандықтар жатады. Қоғамның дамуында мамандық иелерінен жоғары кәсіби біліктілікті, коммуникативтік қабілетті, еңбек етуге деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты, өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыруға даяр болатын мамандық иесін талап етеді. Сондықтан икемі, қызығуы, бейімі бар мамандықты таңдай білу, өзіне, қоғамға тигізетін пайдасын ойлау, мұндай еңбектен шабыт туатыны, ол өнімді еңбекке ұласып, табыс әкелетінін білу керек.



Мамандық дегеніміз не?

- Білім алу, үйрену;
- Адамды материалдық жағынан қамтамасыз ететін іс-әрекет түрі;
- Адамның сол мамандыққа қабілетінің сай келуі, белгілі бір іскерліктердің болуы.



Мамандық дегеніміз – адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін материалдық немесе рухани өндірісте алған білімі мен өмірлік дағдысының жиынтығы.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ АЛҒЫШАРТТАРЫ

қызығу
шылық


қабілет

бейімді
лік

қалау

*Қазіргі білім беру жүйесінің
мақсаты - бәсекеге қабілетті
маман дайындау.*





Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі
№46 Абай жалпы орта білім беретін мектебі КММ

«Мамандық :кеше ,бүгін, ертең»

презентациялар байқауы.

10 а-сынып оқушысы. Еламан Ақманат

2022-2023 оқу жылы

Мақсаты: Мамандық таңдау сатысына жақын тұрған болашақ әртүрлі мамандық иесі, бүгінгі шәкірттердің бағдарын айқындау, бағыт-бағдар беру және қазіргі таңдағы ең қажетті мамандықтар туралы ақпараттандыру, өздерімен пірілесу. Өз пікірлерін еркін айтуға, өзгенің пікірін сыйлай білуге, қоғамдағы әр тұлғаның қызметі мен мамандығына құрметпен қарауға, елжандылыққа тәрбиелеу.



Мамандық деген не?

Мамандық— қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы. Ол лауазымнан өзгеше түрде белгілі бір білімді және арнаулы түрде оқып-үйрену немесе жұмыс тәжірибесін жинақтау барысында алған еңбек машықтарын талап ететін еңбек қызметінің тегін сипаттайды. Лауазымдық міндеттердің шеңберін айқындайды. Мамандық қызметкер еңбегінің бүкіл шеңберін қамтығанда ол кәсіп ұғымына сай келеді.

Мамандық - адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс-әрекетінің түрі.



*Мамандық
таңдау
параметрлері*

Мамандықтың беделі

Жалақы

Қызығушылық

Еңбек жағдайы


Біліктілікті арттыру
мақсатындағы оқу

Ата-аналардың ынты-ықыласы
мен өзге адамдардың ақыл-кеңесі

Жұмыспен қамтамасыз
етілу мүмкіндігі

Мамандық таңдау ережесі:

- Барынша көптеген мамандықтарды зерттеу керек және сіз тіршілік еткен аймақта қандай мамандықтар керектігін анықтау қажет*
- Барынша өзіңе ұнамды және ыңғайлы мамандықты таңдауың керек*
- Өзіңнің болашақ мамандығыңды таңдай отырып ойыңды жүзеге асыруда және мамандықты жетік меңгеруде табандылық танытуың керек*



№46 жалпы орта білім беретін мектебі кмм

«Мен мамандық әлемінде»

Эссе байқау (9-сынып оқушылары аралығында)

Кәсіби бағдар беруші педагог: Болат Гауһар Нұрланқызы

2022-2023 оқу жылы

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебі
«Мен мамандық әлемінде» атты эссе байқауы


Мәлімет

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінде 2023 жылдың 10-12 сәуір күндері аралығында «Мен мамандық әлемінде» атты 9-сынып оқушылары арасында эсселер байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылармен мамандық түрлеріне шолу жасай отырып, әр мамандықтың қыр-сырларын талқылап, өз мамандығының таңдау себебін ортаға салу.

Қорытынды: кәсіби - шығармашылық тәрбие беру бағытында кәсіби шығармашылық танымын кеңейту;

- болашақ мамандығын дұрыс таңдай білуге бағыт - бағдар беру, Үздік эссе жазған оқушылар марапатталды.



Мен мамандық елімде

Мен балашақта Кондитер болып келеді өзім соған бағтты болыптан балашақта өзімді сол маман иелі деп естемін. Мен Қазірден сол мамандық иелі екенімді білемін. Кондитер маманы маған бағтты ұнайды, өзім бір жерде, кондитер маман мамандық ашты сол жерде жұмыс істем, алға сойған мақсаттарыма жетемін деп ойлаймын. Өзіме сенемін және сол сенімді ақтаймын.

Мен мамандық елімде

Ол жолдан кейінгі мен, қандай өмір, қандай сомақ күтпін тұрғаным белгісіз. Алайда армандағанымды ем айтамын, соған мақсат қойып орындаймын.

Ол жолдан кейін өзімді білікті азаматтық пәкіміз мұқабасы, мер мақанды маман тұрған бақытты болып естемін. Мен өзімді білімге қатам, бірақ оқуымармен өте мақсат қарым-қатынастағы өте мақсат мұқабасы болып деп ойлаймын. Соған тек сабақпен ғана айналысқан өзіме соған алып, соған жетемін болып, оқуымармен тоғыз байланыста болып келеді. Алайда мақсат қарым, айдан мақсат қарым, орындай білу керек.

9^б сынып оқушыларына арналған анкета

Аты жөні Алпамысбай Нұрсұл

Мектебің 46 Абай и сынып 9^б жасың 15

1. Болашақта өзің қандай маман иесі болуды армандайсың?

Әнер мамандығын таңдамалы.

2. Сізді қандай пәндер көбірек қызықтырады?

Тарих, музыкаға.

3. Қандай қосымша үйірмелерге қатысып жүрсің?

Ешқандай

4. Мына білімдердің қай саласы бойынша терең оқығың келеді?

жаратылыстану-ғылымы (Математика, физика, химия, биология, география, информатика);

қоғамдық -ғылыми (тарих, философия, экономика, юриспруденция);

гуманитарлық(әдебиет, журналистика, лингвистика, педогогика, психология);

әнер (музыкалық, театр, еңбек, бейнелеу, вокальдық)

5. Еңбекте кім болып, қандай маман иесі болып, жұмыс атқарғың келеді? -----

Актер, немесе музыкант.

1. бейіндік пәнің Қарақстан тарихы 2. бейіндік пәніңді жаз Дүние жүзі.

Мысалы: (физика-математика, биология-химия, тарих-география, ағылшын-тарих, қазақ тілі-қазақ әдебиеті, орыс тілі-орыс әдебиеті, математика-биология, биология-география, дүниежүзі-құқық, шығармашылық т.б.)

Оқушы қолы: Нұрсұл Толтырған күні: 26.04.2023 ж.

9 сынып оқушыларына арналған анкета

Аты жөні Дінбек Ауржан
Мектебін №48 Абай сынып 9Б жасын 15

1. Болашақта өзің қандай маман иесі болуды армандайсың?

Автомобильдік

2. Сізді қандай пәндер көбірек қызықтырады?

Физика, Алгебра

3. Қандай қосымша үйірмелерге қатысып жүрсің?

Волейбол

4. Мына білімдердің қай саласы бойынша терең оқығың келеді?

жаратылыстану-ғылымы (Математика, физика, химия, биология, география, информатика);
қоғамдық ғылыми (тарих, философия, экономика, юриспруденция);
гуманитарлық (әдебиет, журналистика, лингвистика, педогогика, психология);
өнер (музыкалық, театр, еңбек, бейнелеу, вокальдық)

5. Еңбекте кім болып, қандай маман иесі болып, жұмыс атқарғың келеді? -----

Автомобильдік

1. бейіндік пәнің Физика 2. бейіндік пәніңді жаз Математика

Мысалы: (физика-математика, биология-химия, тарих-география, ағылшын-тарих, қазақ тілі-қазақ әдебиеті, орыс тілі-орыс әдебиеті, математика-биология, биология-география, дүниежүзі-құқық, шығармашылық т.б.)

Оқушы қолы: А.Е.Е. Толтырған күні: 26.04.2023